

№12 лекция. XX ғасырдың бірінші жартысындағы өнер бағыттары.

***Дәрістің мақсаты:***

XX ғасырдың екінші жартысында алғашқы кескіндеме бағыты батыс еуропада қарқынды дами бастауын көрсету.

Кілт сөздер: Эспрессионизм, Баухауз, Дадаизм, Конструктивизм, Кубизм Орфизм, Примитивизм, Систематизм, Суперматизм, Сюрреализм, Футуризм

***Дәрістің жоспары:***

1. Орыс өнері
2. Дадаизм және сюрреализм
3. Модернизм және Кубизм

Еуропа үшін, XX ғасырдың I жартысы - белсенді әлеуметтік трансформация және өнеркәсіптің қарқынды даму кезеңі. Зауыттар мен фабрикалар қолданбалы өнер туындыларын қолданыстан ығыстырып сапасыз және дәмсіз тауарларды өндіре бастады. Өнер адамдары жаңа дәуірдің ерекшелігін жахандануды бейнелеуге ұмтылды. Өткен ғасырларда пайда болған көркемдік принциптер жоғала бастады.

Екі ғасыр қатарынан сән және өмір салты үшін жауапты Франция болды. Ол өнер біріншілігін сақтап қалды. Парижде Салондар азайтып отырды, жюрилар тағайындалып қазіргі заман суретшілерінің туындылары қойылды. Аудитория барынша суретшілердің туындыларына пікірлер айтты, газеттер мен журналдар суретшілер жұмысын талқылады. Әрбір бірнеше жыл сайын еуропа мемлекеттерінің астаналарында бүкіл әлемдік көрмелер ұйымдастырылды, бұнда техникалық жетістіктер, ерекше өнер туындылары қойылды. 19-ғасырдың екінші жартысындағы жүз жылдықта еуропада көптеген өзгерістер болды, материалдық жағдайда және адам қоршаған орта да өзгеріске ұшырады- қала, үй, бөлме, киім ыдыс-аяқ бәрі өзгеріске ұшырады.

XIX ғасырдың екінші жартысында өнеркәсіптің дамуы, қалалардың халықтың көптеп қоныстануына алып келді. Басқа да еуропалық қалалар өсіп, қалпына келтірілген. Осы кезде пәтердің жаңа түрлері шыға бастады және бұл пәтерлерді әр түрлі жағдайдағы адамдарға жалға берілді. Жер бағасының жоғарлауы үйлердің кішкентай әрі жоғары етіп салынуына әкеліп соқты, қазіргі таңдағы көпқабатты еуропа үйлері осы негізде қалыптасты. Орта ғасырда көптеген еуропалық астаналар келбетін өзгертті. Радиалды көшелер мен бульварлар қосарланған, орта ғасырдағы жабық қаланы жойып бір бірімен байланысқан сақина тәріздес қалалар пайда болғызды.

Әртүрлі стилдегі ғимараттар салына бастады. Солардың бірі эклектизм болды, ол грек тілінен аударылғанда таңдамалы деген мағынаны білдіреді, Әртүрлі стильдерді ұқсастыру және біріктіру негізінде құралған. Эклектизмнің пайда болуы классикаға байланысты болмады. Бұдан кейін тағыда бірнеше тарихи стиль түрлері пайда бола бастады романдық-византиялық, неоренессанс, необарокка жалған рокка және екінші ампиризм.

Электизнің архитектурадағы белгілері- веналықтардың РИнгтерінен көруге болады. Көршілес тағыда Вотивналық церковтан француз стильндегі көруге болады. Электизмнің сәулет өнері европаалықтардың сол замандағы психологиясымен де байлаысты, олар өз өркениеттерін дамыған деп есептеді, ал өз замандарынаң тарихтың шыңы деп есептеді және бұған күмәнданбады, басқа мәдениеттердің бастауымыз деп есептеді.

### **Орыс өнері.**

Орыс сурет салу өнері, классицизмнан бастау алып осы халықтың өзіндік сипаты болды, сурет өнерінде көрінді, уақыт өте романтизм мен реализмгеде жалғасты.

Сол заманның бағалаушыларына орыс сурет өнерінің тарихилығы, жіне бұны өз дәстүрлерімен байланыстыруы ұнады. Бірақ сурет өнеріндегі тарихы жанр 18 ғасырдың екінші жартысынаан қарағанда кқпшілікті өзгеріс болмады. Көбінеесе орыс суретшілері өз туындыларын ежелгі Русьтың батырларына арнады, олардың сурет салуға деген құштарлығы батырлар ерліктерімен байланыстырылды. 19 ғасырдың орыс суретшілері сол заманда портрет салуға қаты көңіл бөлді. Табиғатты және бір бірімен байлныстыруға көңіл бөлді. Орыс суретшілері өз туындыларында классицизмнің ережелерінен ауытқып дәстүрлі бейнені көрсеткісі келді. 19 ғасырдың орыс суретшілері өз ұрппақтарына сурет өнерін түрлі түстермен безендіріп тарихи сурет қалдырды орыс халқының бейнеесін келтірді. 19 ғасырда сурет өнеріне қалдырғаан орыс суретшілерінің орнын ерекше айтпай кетуге болмайды.

Танымал сурет өнерін біріктіру дамыған суреттердің серіктестік көрмесі орыс суретшілері жасаған болатын реалистік бағыттағы кескіндемемен бейнеледі. Бұл серіктестіктің пайда болуы 19 ғасырдың 50-60 жылдары Петербург артелиасы демократ суретшілер болды басында Иван Николаевич Карамсимм болды.

Крамским.




1863 жылы құрылған бос суретшілер артелі бірнеше уақыт ішінде Петербург қаласындағы суретшілердің ең ірі орталығы болды. Мәскеулік суретшілер Мясоедов, Перов, В.Е.Маяковский, Прянишников, Саврасов 1869 жылдың аяғында Петербург артелине бірігу туралы ұсыныс жасап, ірі суретшілер орталығын құруды жоспарлады. 1870 жылы бұл «Товарищество» өз жұмысын бастады. Бұл ұйымның құрылуына Иван Николаевич Крамской негіз болды және де ол 1870 жылы сол ұйымның басшысы болды. Сондай-ақ, бұл «Серіктестік» ұйымының жұмыс жасау барысында Петербург артелі өз жұмысын бәсеңдетті. «Серіктестік» бірлігі өздеріне өнерді, сурет өнерін биікке көтеруді мақсат етіп қойды. Және 19-ғасырдың 50-60-жылдары-ақ олардың жұмысы жақсара түсті.



3-ші тақырып. 19-20 ғасыр. Өнердегі жаңа ағымдар.

Авангардизм - (франц. суреттегі қозғалыс) дегенді білдіреді, яғни суретші мен суреттің байланысын білдіретін ұғым. Авангардизм белгілері 20 ғасырдағы буржуазиялық мәдениетке сай келеді. Ол 1905-30 жылдар аралығында

қалыптасып, дамыды.



Авангардизм Францияда пайда болған. Кейін Германия, Италия, Ресей сияқты басқа да жерлерге тарады. Авангардисттердің көріністерінің барлығы да айқай-шумен негізделді. Суретшілер барша халықты мазақ етті деуге болады. Себебі, олар өз суреттерінде боялып, сызылып, тионизм өз тиянақсыз салынған бейнелерді көрсетті. Сондай-ақ осы авангардизм ұғымы арқылы футуризм, тағы да басқа ұғымдар қалыптасты. 30-жылдары абстракционизм өз күшін жоғалта бастады. Сондай-ақ, II-дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропа мен Латын Америкасында авангардизм ұғымымен қатар, сол авангардисттер негізінде неовангардизм деген ұғым дүниеге келді. Авангардизм ұғымы:

Эспрессионизм

Баухауз

Дадаизм

Конструктивизм

Кубизм

Орфизм


Примитивизм

Систематизм

Суперматизи

Сюрреализм

Футуризм ұғымдарымен байланысты.



Қара квадрат суреті

### Дадаизм және сюрреализм

Мақсаты: бейнелеу өнерінің жаңа бағыттары туралы көріністі ұйымдастыру. Дадаизм және сюрреализм – бұл соғыс жылдарындағы (1914-1918) күйзеліс кезінде туған үлкен жемістердің бірі. 1916 жылы швейцариялық Цюрихте қалыптасқан дадаизм бағыты буржуазиялық өркениет, қанау, соғысқа қарсы келетін кескіндеме мен сәндік-қолданбалы өнерде анархиялық бунт бола алды.



Дадаизмнің негізін салушы румындық ақын Тристан Тцара (Самуил Розеншток; 1896-1963) болды. Ол өзінің жанына әдебиетші, суретші, сәулетші Марсель Янко (1895-1973), мүсінші, суретші және ақын Эльзас Ханс Арп

(1888-1966), неміс жазушылары Гуго Балль (1886-1927) мен Рихард Гюльзенбек сынды интернационалды топтарды біріктірді. Айтылғандардың көпшілігі дадаизм бағытын көптеген елдерге жеткізді. «Дадаизм» термині француздық dada сөзінен шыққан («мағынасыз баланың былдыры»); дәл осылай жоғарыда аталғандармен құрылған, 7 басылым болған (1917-1920) журнал аталған. Жаңа қозғалыс Швейцарияның аумағынан тез шығып кетті, дадаистикалық топтар Берлинде (Р. Гюльзенбек, Георг Гросс, Рауль Хаусманн), Ганноверде (Курт Швиттерс), Келинде (Х.Арп), Голландияда (Теон ван Десбург), Нью-Йоркте (Марсель Дюшан, Франсис Пикабия, Ман Рей) қалыптасты; Францияда оған ұқсас «Сик» («Sic») П.А.Биро және «Северо-Юг» («Nord-Sud») П.Реверди журналдары шықты. Буржуазиялық қоғам алдындағы шарасыздық пен қорқынышты сезе отырып, суретші-дадаистер шындық нәрсені теріске шығаруды жөн көрді. Дадаистер – Франсуа Пикабия, Жан Арп, Марк Эрнест және өзге де неміс, швейцариялық суретшілер өздерінің мақсаттары етіп өнерді біржолата құрту дегенді алды. Шулы көпшілік ұрыстар дадаизмді жақтаушылардың жанында болды. Дадаистер ақылды, моральдық нормаларды, эстетиканы өтірік және жалған деп жариялады. Дадаистердің «шығармалары» «кішкене баланың» анығырақ айтқанда, сәбидің суретіне негізделді. Олар сонымен қатар, жөнсіздікті, пішінінің өзгеруін және дәрекі натурализмді өсірді. Көрмелерде «дада» мағынасы түймелермен, ұрылған әйнекпен және басқа да күнделікті пайдаланылатын заттармен көрсетілді. Кескіндемедегі дадаистердің анархиялық бедерсіздігі 1920 жылдарға қарай сюрреализмге жалғасты. (француздық «surrealite» сөзінен, яғни «асқан шындық» өнері). Буржуазиялық қоғамдағы дағдарыс өнеріндегі тура көрініс. Ол француздық кезеңде туды және әуелден-ақ өзінің құрамына талантты жазушыларды, ақындарды және режиссерларды біріктірді. Бұл қайраткерлер, кейінірек анархиялық бүліктен прогрессивті қоғамдық позицияларға көшіп, сюрреализмнен алыстап, гуманистік мағынаға толы шығармалар қатарын қалыптастырды. (Луи Арагон, ақын Поль Элюар және басқалары)




*Живой натюрморт, 1956. Холст, масло.*

Сюрреалистердің негізгі бөлігі (әсіресе, бейнелеу өнерінде жұмыс жасаушылар) реализмдік көзқарасқа жау көзбен қарауды жалғастырды. (Сальвадор Дали, Марк Эрнест, Ив Танги, Дороти Таннинг) 1930 жылдардың соңына қарай сюрреалистердің көп бөлігі Америкаға қоныс аударды.

### **Бірінші дүниежүзілік соғыстың бейнелеу өнеріне әсері**


Мақсаты: Бірінші дүниежүзілік соғыстың әсерінен туындаған әлемдік өнердің бағыттары жөніндегі көріністі қалыптастыру



Бірінші дүниежүзілік соғыс Европа үшін шынайы күйзеліс болды. Соғыс кезеңінде бейнелеу өнерінің орталығы Франция мен Германия елдерінен нейтралитетті сақтаған елдерге ауысты. Лейденде, Голландияда кескіндемешілер, сәулетшілер, мүсіншілер ( Теон ван Дусбург, Питер Ауд, Геррит Ритвелд, Корне-лис ван Эстерен, Пит Мондриан, Барт ван дер Лек и Георг Вантонгерлоо) тобымен жасалған «Де Стейл» (Стиль,1917) журналы қалыптасты. Дусбург пен Мондрианның теориясына негізделе отырып ол жаңа қатал абстрактілі стильдің өркендеуіне жол ашты. Бұл стиль ақ,қара және басқа да түстер мен түзу сызықтардың үйлесімділігі арқылы ғана жасалды.

Бұл теорияны Мондриан Парижде соғысқа дейін ойлап тапты. Ол кубизмнің қисынды жалғасын таптым деп есептеді.

«Де Стейл» тобының сәулетшілері бұл принципті үш өлшемді кеңістікте қолдануды жалғастырды. Сонымен қатар Франк Ллойд Райттың архитектура мен қоршаған орта байланысы туралы ережеге негізделді. Геррит Ритвелдің жобасы Утрехтегі Шредердің үйін жасау болды.



Егер «Де стейл»-дің тобы пуритандық нормативке қашуды көрсетсе, сол кезеңде пайда болған басқа ірі бейнелеу ағымдарын қарама-қарсы бағытқа қашу деп санауға болады. Дадаизм соғыс кезеңінде Ленин секілді тек саяси эмигранттарға ғана емес, сонымен қатар өзінің әдебиеттік кештерін «Кабар Вольтерде» өткізген бір топ суретшілер мен ақындарға баспана болған нейтралды Швейцарияда дүниеге келді. Дадаизм соғысқа қарсы бағытқа, ұлтшылдыққа, әлемдегі барлығына қарсы болды, тіпті өзіне де.

### **Экспрессионизм және неоэкспрессионизм**

Мақсаты: Экспрессионизмнің көркемдік ерекшеліктері туралы көріністі қалыптастыру.

Экспрессионизм (латын тілінен expression – көрініс) – 1900 – 20 ғасырдың басында өркендеген еуропалық өнердің бір бағыты. Ол сол ғасырдағы бірінші дүниежүзілік соғысты қоса алғандағы әлеуметтік дағдарыс кезеңінде қалыптасқан. Экспрессионизм субъективті, дағдарыстық формадағы, жаңа заманғы өркениетке қарсылық ретінде суреттелді.

Экспрессионизм – адамның субъективті ішкі жан дүниесін шынайы деп жариялаған жалғыз бағыт. Ал оны беру тәсілі – өнердің басты мақсаты. «Экспрессияға» деген ұмтылыс, Эмоцияның қаттылығы, бейнелердің иррационалдығы Германия мен Австрияда ерекше тарады. (жазушылар Г.Кайзер, В. Газенклевер, Австриядағы Ф. Верфель, Германиядағы суретшілер Э.Нольде, Ф.Марк, П.Клее, Австриядағы О.Кокошка, австриялық композиторлар А.Шенберг, А.Берг, неміс кинорежиссерлары Ф.В.Мурнау, Р.Вине, П.Лени). Экспрессионизм аясында абстрактты өнердің жарқын үлгілері пайда болды. Суретшілердің бір тобында, әсіресе немістіктерде экспрессионизм соғысқа қарсы және антиимпериалистік бағыт алды. (Э.Барлах, Ж.Грос, О.Дикс) Экспрессионизмнің бейнелеу өнеріндегі бастамашысы В.Ван Гог, Э.Мунк, Дж.Энсор, Ф.Ходлер болды.

XIX ғасырдың аяғына қарай неміс өнерінде өнер шығармаларына деген ерекше көзқарас қалыптасты. Готикалық шеберлердің өнеріне деген



қызығушылық пайда болды. (Эль Греко, Питер Брейгель) Африкада, Таяу Шығыста және мұхит аралдарында бейнелеу өнерінің экзотикалық бағытына деген қасиеттері қайта ашылды. Бұның барлығы бейнелеу өнерінің бағытына өз әсерін тигізді.



Экспрессионизм – бұл адамның ішкі дүниесін, оның күйзелісін көрсету болып табылады. Экспрессионистер өздерінің ізбасарлары ретінде француздық постэмпрессионистерді, швейцариялық Фердинанд Ходлерді, норвегтік Эдвард Мункті, бельгиялық Джеймс Энсорды таныды. Экспрессионизмде қарсы келушілік өте көп болатын.

### **Модернизм және Кубизм**

Мақсаты: Модернизмнің негізгі бағыттары туралы көріністі қалыптастыру  
Модернизмнің шеберлерін іздеу фовизмнің, экспрессионизмнің, кубизмнің және абстрактілі өнер мен сюрреализмнің өркендеуіне жол ашты. Модернизмнің және авангардтың бағдарламалық және жалпы болып әлемнің әлеуметтік өзгеруі болды. «Адамдардың сана сезімін қайта тәрбиелеу» Суретшінің қоғам ішіндегі тәртібі, бейнелеу өнерінің универсалдығы. Ақыр соңында, бірнеше ғасырлардан кейін өнер мен қоғам арасындағы қарым-қатынас қалыптасты: журналдар, галереялар, маршандар, коллекциялар, музейлер, базарлар және жарнамалар. Басқаша айтқанда, авангард үшін «іске қосылатын механизм» болды. Жаңа өнердің «әкелері» болып постимпрессионизм суретшілері В.Ван Гог, П.Гоген, П.Сезанн, Ж. Сера, А.Тулуз-Лотрек болды



Сераның композициясының абстрактілдік қатынасына қарай бұл күмән тудырмайды. Әлбетте, осың картинасының, натюрмортының, «Пьеро және Арлекин» суретінің иконографиялық себебі XX ғасырдың көптеген суретшілерінің назарын аударды.

Кубизм – (фрнцуз тілінен аударғанда cubism, cube- шаршы сөзінен шыққан) - XX ғасырдағы бейнелеу өнеріндегі модернистік ағым. Кубизмнің дүниеге келуі 1907 жыл болып табылады. Бұл кезде П.Пикассо өте ерекше деформацияланған, өзгеше пішіндегі «Авиньондық қыздар» картинасын салған болатын.

1908 жылы Парижде «Бато-лавуар» деп аталатын жаңа топ пайда болды. Бұл топтың құрамына Пикассо, Ж. Брак, испандық Х.Грис, жазушы Г.Аполлинер, Г.Стайн кірді. Бұл топтың өзіндік принциптері болды. 1911 жылы Париж жанындағы Пютода қалыптасқан және 1912 жылы «Сексьон д-ор» көрмесінде қойылған өзге топқа кубизмнің ең таңдамалылары – А. Глез, Ж.Метсенже, Ж.Виллон, А. Ле Фоконье және өзге де суретшілер енді. «Кубистер» сөзін алғаш рет 1908 жылы француздық критик Л.Восель заттық әлемді геометриялық пішіндер (куб, шар, цилиндр, конус) арқылы бейнелеген суретшілерді сипаттау үшін қолданды.

1941 жылы 23 маусымда, соғыс әрекеттері басталғаннан кейінгі келесі күні «Правда» газетінде Кукрыникстер (М. В. Куприянов, 1903-1991; П. Н. Крылов, 1902-1991; Н. А. Соколов, 1903-2000) суретшілер одағының «Беспощадно разгромим и уничтожим врага!»(Жауды аяусыз қырып-жоямыз!) суреті жарияланды. Сол кезден бастап графика өнерінің өкілдері өздерінің шығармаларымен соғыс жылнамасын дайындады.

Ұлы Отан соғысы басталуының алғашқы күнінен бастап соңғы күніне дейін куәгерлер мен қатысушылардың көптеген суреттерінде кездеседі. Әсіресе тыл жұмысын суреттеу жақсы дамыды. Суретші тыл қызметкерлерінің көрмелерінде сол кезеннің баға жетпес құнды деректері бар. Соның ішінде ленинградтық суретшілер В.А. Ветрогонского, Б.Н. Ермолаева, А.А. Ефимова, В.М. Звонцова, П.М. Кондратьева, П.М. Криворуцкого, Н.Т. Куликова, М.Г. Платунова, В.Г. Старова; Н.М. Аввакумова, Л.А. Бруни, А.Л.

Гландина, Ф.П. Глебова, Л.Ф. Голованова, А.А. Горпенко, В.Н. Горяева, В.С. Климашина, А.А. Сапожникованың шығармаларын атап өткен жөн.



А. Пластов Фашист пролетел, 1942

Ұлы Отан соғысы жылдары кеңестік суретшілердің халықтың өткені мен халық батырларына деген қызығушылығы арта түсті.

Ұлы Отан соғысы жылдары жас суретшілердің өнеріне, бейнелеу өнеріндегі жаңа бағыттардың пайда болуына жол ашылды.

Солардың ішінде Греков атындағы әскери суретшілер студиясының жас шәкірттері ерекше көзге түсті. Ол 1934 жылы оқу орны ретінде, ал соғыс жылдарында әскери шебер суретшілерге арналаған ұйым ретінде құрылды. Суретшілердің жұмысы тылда өтті. Бұл суретшілер Мәскеу түбіндегі шайқастар, Волгадағы ұлы шайқас, Днепр мен Берлинді алуға бағытталған шайқастарға қатысты.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. XX ғ. Өнер бағыттарын сипаттаңыз?
2. Бірінші және екінші д.ж.с. өнер туындылары?

#### **Әдебиет:**

*Манин В. С.* Русская живопись XX века. 1, 2, 3 том. –

СПб.: Аврора, 2007; *Карпова К.* Библия глазами соцреалиста. Гелий Коржев. Каталог выставки произведений. - М.: Сканрус, 2012; *Зайцев Е. В.* Гелий Михайлович Коржев. Альбом: К 75 летию со дня рождения. - М.: Пассим, 2000; Дейнека А. Жизнь, искусство, время.. М., 1974; *Собрание шедевров: наследие и современность. № 3. Сентябрь - Москва, 2011; С. Герасимов / Авт.-сост. С. М. Иваницкий. - М.: Изобразительное искусство, 1985*